

**Павлодар қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы "Әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" N 130/2 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы N 592/14 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 маусымда N 12-1-157 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 15 шілдедегі N 1619/23 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2011.07.15 N 1619/23 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 14)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында Павлодар қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Павлодар қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы "Әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" N 130/2 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-134 тіркелген, 2009 жылғы 14 наурыздағы "Сарыарқа самалы" N 31 газетінде, 2009 жылғы 17 наурыздағы "Сарыарқа самалы" N 32 газетінде, 2009 жылғы 16 наурыздағы "Версия" N 10 газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

"Біржолғы әлеуметтік көмек" 3-тараудағы:  
20 - т а р м а қ т а ғы :

13)-тармақшасындағы бірінші абзацта "қайтыс болған соғыс мүгедектері мен оларға тең келетін мүгедектердің неке құрмаған әйелдері (ерлері) және де қайтыс болған соғысқа қатысушылар, партизандар, астыртын әрекет етушілер, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталған азаматтардың әйелдері ( ерлері)" сөздерінен кейін "ҰОС кезінде арнайы құрамалардың жұмысшылары" с ө з д е р і м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға тізімінде жоқ ҰОС мүгедектері мен қатысушылары, Жеңіс Күнінің 65-жылдығына тұрғын үйді жөндеу үшін 30000 (отыз мың) теңге

мөлшерінде" абзацпен толықтырылсын;

"30) тұрғындардың әлеуметтік-әлжуаз санаттарынан жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себеті мөлшерінен төмен жүкті әйелдер екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үш ай аралығында, жүктілік бойынша ерте есепке тұрғанын растайтын медициналық мекеменің анықтамасы негізінде;" 30)-тармақшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. М. Қанафинаға жүктелсін.

*Павлодар қаласының әкімі*

*Б. Жоламанов*